

6B08701 – «Аграрлық техника және технология» БББ түлектерінің моделі

Оқу нәтижесінде түлек:

Істей білуі тиіс:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өнім өндіру, сақтау және өңдеу үшін машиналар мен жабдықтар жүйесін негіздеуге арналған есептік-технологиялық жұмыстарды орындау;

- технологиялық және электротехникалық жабдықтарды монтаждау, іске қосу, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

- технологиялық тәртіптің сақталуын, машиналар мен технологиялық жабдықтарды дұрыс пайдалануды бақылау;

- кәсіпорынның өндірістік қызметін талдау, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып, өндіріс тиімділігін арттыру, материалдық және энергетикалық ресурстарды үнемдеу, еңбек өнімділігін арттыру шараларын қабылдау;

- білім беру және тәрбиелік жұмыстарды жүргізу.

Білуі және түсінуі тиіс:

- физиканың негізгі заңдарын, математикалық талдау әдістерін, жаңа ақпараттық технологияларды, сондай-ақ аграрлық сектордың тұрақты дамуының міндеттеріне қатысты арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар жиынтығын;

- Біртұтас конструкторлық құжаттама жүйесінің (ЕСКД) қолданыстағы ережелерін, ауыл шаруашылығы бұйымдарын стандарттау және сертификаттау талаптарын, ИСО талаптары аясында;

- ауыл шаруашылығы машиналарының жұмыс органдарын және өңдеу кәсіпорындарын жобалауға қатысты механиканың негізгі заңдарын;

- электротехниканың теориялық негіздерін, автоматика және электрлік, жылу энергетикалық және гидравликалық қондырғыларды салалық есептеу әдістерін;

- өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және өңдеу кәсіпорындарындағы машиналар мен аппараттардың құрылымдары мен жұмыс процестерін;

- электрлік өлшеу әдістерін, электроқұрылғылардың, электрондық және микропроцессорлық техниканың құрылымын, негізгі параметрлерін, сипаттамаларын, сынау және есептеу әдістерін;

- машиналық агрегаттарды, жөндеу-қызмет көрсету кәсіпорындарын жинақтау әдістерін, сондай-ақ өндірістік объектілерді энергиямен қамтамасыз ету және электрлендіру жүйелерін;

- техникалық-экономикалық талдау әдістерін және инженерлік әрі басқарушылық шешімдер қабылдауды;

- менеджмент пен маркетингтің негіздерін, ауыл шаруашылығында және агротехникалық сервистік салада шағын және орта кәсіпорындарды құру рәсімдерін.

Құзыретті болуы тиіс:

- ауыл шаруашылығы техникасын басқару, өндіріс және өңдеу кәсіпорындарының, сондай-ақ агротехникалық сервистің технологиялық жабдықтарын баптау;
- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен сервистік орталықтардың жобаларын әзірлеуде компьютерлік техниканы қолдану;
- кәсіпорынның шикізаты мен дайын өнімдерінің өндірістік циклінің сапасын бақылау;
- ауыл шаруашылығын электрлендіру және автоматтандыру жүйелерін жобалау, монтаждау, баптау, жөндеу және пайдалану;
- еңбек заңнамасы, еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік нормалары мен ережелері, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғаныс, Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында қолданылатын заңнамалық және нормативтік актілерін пайдалану мәселелері;
- ауыл шаруашылығын механикаландыру, электрлендіру және өңдеу кәсіпорындарында жаңа энергия және ресурс үнемдейтін технологияларды қолдану.